



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

доминирует погоня за рекордом, «натаскиванием» на высокий спортивный результат, а вопросы воспитания имеют второстепенное значение, занимают незначительное место. Формы и методы воспитания, как и методы спортивной тренировки, применяемые в работе со взрослыми, подчас слепо переносятся на работу с детьми и поэтому являются мало эффективными, а иногда и просто вредными.

Педагоги и врачи, принимающие участие в настоящем исследовании, наряду с воспитательной работой тщательно следили за тем, чтобы использование скоростно-силовых упражнений не сопровождалось нарушением. [3]

В процессе воспитания специальных скоростно-силовых качеств решаются две задачи: повышение скоростно-силового потенциала специфических мышечных групп и повышение степени его использования при выполнении основного упражнения. Для решения первой задачи нужны локальные и региональные упражнения. Для решения второй задачи необходимы специальные упражнения регионального и глобального воздействия и основное упражнение.

При использовании специальных упражнений глобального воздействия и основного упражнения величина сопротивления должна быть равна соревновательной или быть больше или меньше ее, но в пределах, позволяющих сохранять специфическую структуру основного движения.

При разработке методики скоростно-силовой подготовки учитывается ее влияние на физическое развитие, здоровье, функциональное состояние организма и формирование двигательных навыков у юных спортсменов.

Список использованных источников

1. Верхошанский Ю.В. Основы специальной физической подготовки спортсменов. - М.: Физкультура и спорт. 1988. - 331 с.
2. Матвеев А.П., Мельников С.Б. Методика физического воспитания с основами теории: Учебное пособие для студентов педагогических институтов и учащихся педагогических училищ. - М.: Просвещение. 1991. - 191 с.
3. Фарфель В.С. Современные проблемы физиологии спортивной тренировки. М., 1989.

УДК 796.015.5

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аюпова Гулбаршын Турагуловна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс PhD докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ерментаева А.Р.

Жоғары мектеп оқытушысы - бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі.

Ерментаева А.Р.: «Жоғары оқу орнында білікті маман даярлау үшін оқытушының да, студенттің де қажымас еңбегі қажет», - деп тұжырымдай келе, **болашақ оқытушыларды даярлауда оқыту мен тәрбиенің дидактикалық, педагогикалық-психологиялық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларын қолдану мынадай қажеттіліктерге алып келетінін нақтылайды, яғни:**

- қоғамды акпараттандырудың қазіргі жағдайында білімгердің кәсіби тұлғалық міндеттеріне сай келетін оқыту мен тәрбиенің мазмұнын, әдістерін және ұйымдастыру формаларын таңдау стратегиясының әдіснамасын тұрақты түрде жетілдіру;

- ақпараттық технологиялардың күн санап артып отырған мүмкіндіктерін ескеретін оқыту және кәсіби даярлау әдістемесін жасау;
- болашақ оқытушының интеллектуалды, тұлғалық потенциалын дамытуға өздігінен кәсіби білімнің жетілдіру іскерліктерін қалыптастыруға бағдарланған өзіндік әрекеттің бірнеше түрін жүзеге асыра алатын кәсіби маман моделін жасау;
- қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар мен педагогикалық құралдарды қолдануға сүйенетін оқытудың әдістемелік жүйесін жасау [1].

Болашақ мұғалімдердің даярлығының құрылымдық-мазмұндық моделі төмендегідей:

- кәсіби біліктілігін көтеруге;
- пән бойынша инновациялық іс-әрекетке ұмтылуы;
- мультимедиялы технологияларды қолдануға;
- педагогикалық іс-әрекет теориясының кәсіби біліктілік тұрғысындағы негіздерін білуі;
- барлық мүмкіндіктерді ескере отырып инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болғандығын сезінуі;
- іс-әрекетін инновациялық тұрғыда шеше алуы;
- мультимедиялы технологияны қолдана алуы.

Өзінің көп жылғы ізденуі, оның педагогикалық міндеттерді шешу мақсатында педагогикалық процесте қолдану арқылы педагог көптеген фактілерді жинақтайтыны белгілі. Сол фактілерді жинақтай отырып, педагог көптеген жылдар бойы олардың туынау себептерін, оларды басқарып тұрған заңдылықтарды зерттейді. Соның нәтижесінде ол тәжірибе жинақтайды.

Педагогикалық практика да маманды кәсіби даярлау жүйесінде басты элемент болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласында «педагог кадрларды даярлау бағдарламаларына оқытудың бүкіл жылдар бойы үздіксіз педагогикалық және психологиялық-педагогикалық практиканы енгізу» қажеттігі көрсетілген [2].

Сонымен қатар, студенттерге ойдағыдай теориялық білім, практикалық дағды, қабілет және тәрбие беру міндеттерін толық жүзеге асыру үшін оқытушы әрбір сабағын дидактикалық принциптер негізінде өткізуі қажет:

- оқу материалы, оның орналасуы мен оқытылуы ғылыми негізде жүйелі болуы қажет;
- оқу материалы және оны түсіндіріп айту, көрнекті, ұғынықты болуы қажет;
- теория мен практиканың тығыз байланыстылығын ашып көрсете білу қажет;
- студенттер оқу материалын саналы және белсенді ұғынуы қажет;
- оқыту барысында студенттердің жас және жеке дара ерекшеліктерін есепке алынуы керек; - педагогикалық процестің бағыттылық принципі болашақ маманның жан-жақты дамуына ықпал етуі керек;
- алған білімі мен дағдылары берік болуы керек.

Ендеше, оқыту процесінің заңдылықтары оқыту принциптері арқылы жүзеге асырылады. Болашақ мамандарды дайындауда жаңаша білім беру - жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Осы орайда, болашақ педагог-психологтерді дайындауда жаңа бағыттарды анықтау қажеттілігі туындайды. Болашақ педагог-психолог маманның сапалық сипаттамалары және олармен анықталған және университет алдында тұрған білім берушілік міндеттер бүгінгі жоғары мектепте маманның кәсіби дайындығы жүйесінің негізгі ұстанымдарының сипатын анықтайды. Олар ұстанымдардың бір қатарын айқындайды.

С.И. Гессен жоғары мектепте білім берудің негізгі ұстанымдарын анықтайды. Оларға мыналар енгізіледі [3]:

- Университетте ғылыми білімнің толық болуы;
- Дәріс беру және оқыту үдерісіндегі еркіндік және шығармашылық рухы;

- Оқытушылар мен ғалымдарды дайындау жолымен университеттің өзін-өзі тәрбиелеуге қабілеттілігі.

Өз мәнісінде жоғары мектеп аталмыш ғалымның көзқарасы бойынша ешқандай билікке төзбейтін ғалымдардың одағы болып табылады. Ал, қазақстандық зерттеушілер жоғары мектепте білім беру ұстанымдарының маңыздылығын ерекше көрсетеді. Олар бүгінгі жоғары мектепте мамандарды дайындау жүйесінің төмендегідей негізгі ұстанымдарын анықтайды:

- білім беру мазмұнының ғылыми іргелілігі мен жүйелілігі ұстанымы;
- білім берудің қол жетерлік ұстанымы;
- ғылым мен өндіріспен алынатын білім жүйесінің кешенділік және кіріктірілген ұстанымы;
- мамандар дайындаудың жаңашылдық және ақпараттылық бағдарлаушылық принципі;
- білім берудің болжаушылық және жан-жақтылық принципі;
- кәсіби құзырлылықтың көпнұсқалылығы және таңдамалық ұстанымы;
- алынатын біліктіліктің қолданбалы нәтижелілігінің ұстанымы;
- білім беру мазмұны мен құрылымының көпдеңгейлі және үздіксіздік ұстанымы;
- біліктілік сертификатымен әр баспалдағының кәсіби аяқталу немесе академиялық ұстанымы;
- білім беру мақсаттарының әлеуметтік-экономикалық айқындаушылық ұстанымы;
- оқу үдерісін ұйымдастырудың проблемалылығының және интерактивтілігінің ұстанымы;
- білім беруді гуманизациялау ұстанымы;
- оқыту үдерісінде ынтамақтастық пен серіктестік ұстанымы;
- білім беру мазмұнының коммуникативтілік мәдениетаралық ұстанымы;
- мамандардың кәсіби және академиялық біліктілігінің халықаралық-мәртебелік деңгейін қамтамасыз ету ұстанымы;
- бағдарлаушылық көзқарасы ұстанымы;
- оқытуда жеке және тұлғаға бағытталған көзқарас ұстанымы [4].

Жоғарыда аталған ұстанымдар кез-келген жоғары мектепке лайықты, бірақ ғылым мен университеттік білім беру түсінігі тарихи тұрғысынан өзгеріп тұрды. Олардың көзқарасын қолдай отырып, маңызды ұстаным ретінде болашақ мамандарды оқытудағы, тәрбиелеудегі, дамытудағы тұлғаға бағытталған ұстанымды айтамыз.

Педагог-психолог мамандарды дайындауда олардың психологиялық сауаттылығы мен құзіреттілігі мәселесінің маңызы өте зор. Сондықтан, білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру жоғары мектеп оқытушыларынан оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи талаптарына қарай білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымның ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді.

Қазіргі оқытудың жаңаша технологиясын меңгерудің өзі ұстаздан шығармашылықты талап етеді. Ал шығармашылықпен жұмыс жасау үшін мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет. Мұғалімнің өз кәсіби қызметтерін шығармашылықпен атқаруына әр деңгейдегі әдістемелік жұмыстарды инновациялық бағытта ұйымдастырып өткізудің ықпалы мол. Біліктілігін арттырушы мұғалім өзінің білімін, жалпы дүниетанымын кәсіби және әдіснамалық деңгейін жоғарлатады, психологиялық-педагогикалық сонымен қатар әдістемелік сауаттылығын жетілдіреді. Ең бастысы бұл білімдер мен білік дағдыларды құзырлылық ұстанымдарының талаптарына сәйкес өздерінің меңгеруі және сол жолдар арқылы өздерінің ойлау жүйесін, шығармашылығын өнертапқыштығын, рефлексиялық машығының дамуына жол ашады. Сол кезде ғана педагогтің өзіне-өзі бағ баға беру деңгейі артып, өзін-өзі анықтап, үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік туады. Білім-тоқтаусыз толассыз үрдіс.

XXI ғасыр білімін біз адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсінеміз. Бұл әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгерте алуға қатыса алуы. Ол арқылы

адамның интеллектуалдық, рухани күші дамып, тұлғалығы қалыптасады. Білім – педагог үшін оның шығармашылық әлеуетін дамытудың үрдісі. Даму да, білім де ешбір адамға қолдан беріле салмайды. Кімде кім оған қол жеткізгісі келсе әрекет етуі, күш салуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда кез келген білім-ол өз бетінше білім алу. Шығармашылық әлеуеттің дамуы өз білімін көтеруге негіз болады.

Жоғары мектеп оқытушысы шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, өзінің құзіреттілік аясын кеңітеді. Кәсіби құзіреттілік маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік-кәсіби сипаттама.

Кәсіби құзіретті еңбек деп педагогтің педагогикалық әрекетті өте жоғары деңгейде атқара алуы, педагогикалық қарым-қатынасқа түсе алуы нәтижесінде білімгерлердің білімділік және тәрбиелік деңгейінің жоғары болуы деп санаймыз. Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі күмән тудырмайды. Жастардың ақыл-ой әлеуметін барынша дамыту үшін білім беру жүйесін тиімді құра білген ұлттың еңсесі биік, абыройы жоғары болмақ.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің реформалаудың бастапқы кезеңі аяқталды. Бүгінгі күні білім беру саласының тиісті заңды базасы жасалды. Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2030» жолдауында: «оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет... ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкәппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек», - дегені мәлім [5].

Елбасының осы алға қойған зор міндеттерін іске асырушылар – әрине, жастар. Олай болса, сол жастарға сапалы білім мен салауатты тәрбие беру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ерментаева А.Р. Вопросы разработки концепции инновационной деятельности учителя-предметника в системе образования Республики Казахстан // Высшее образование сегодня. - 2013. -№ 6. –С.44
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2005.
3. Гессен С.И. Основы педагогики. Введение в прикладную философию.-Москва: «Школа-Пресс», 1995. -448 с. ISBN 5-88527-0S2-1.
4. Байжанова З.Т. Студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғылым жаршысы, №4(83), Астана, 2014.
5. «Қазақстан-2030 Стратегиясы» - Ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. 1997 жылы 1 қазан. –Астана, 1997.